

Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 8, 51-құжат):

тақырыбы мен мәтінінде "жабық ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстардың, "жабық ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстар", деген сөздер тиісінше "мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды", "мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "жабық тақырып" деген сөздер "мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар тақырып" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында басталған, жалғастырылып жатқан және аяқталған жабық ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды мемлекеттік тіркеудің тәртібінде:

тақырыбы мен мәтінінде: "жабық ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды", "жабық ҒЗТКЖ" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды"; "құпиялы ҒЗТКЖЖТЖ" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ҒЗТКЖ" деген аббревиатура "ҒЗТКЖЖТЖ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын ;

3 - т а р м а қ т а ғ ы :

"ғылыми мекемеге" деген сөздер "қазыналық кәсіпорынға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Салааралық" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің" деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақтағы "жабық тақырыптар" деген сөздер "мемлекеттік құпиялардан тұратын мәліметтері бар тақырыптар" деген сөздермен ауыстырылсын.

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен .

4 . < * >

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.26. N 1237 қаулысымен.